«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ СПОРТ УНИВЕРСИТЕТІ» ЖШС

«БЕКІТЕМІН»
Ректор
_____Куангалиева Т.К.
«__» _____2025 ж.

ПОСТДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Астана, 2025

Ғылым және коммерциализация департаменті әзірлеген

Ғылым және коммерциализация департаментінің директоры _____ Крыкбаева М.С.
«01» 08 2025 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор _____ Касенов Х.Н.
«01» 08 2025 ж.

Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор _____ Нефтисов А.В.
«01» 08 2025 ж.

Декан _____ Кенжин Ж.Б.
«01» 08 2025 ж.

Ғылыми кеңес бекітуге ұсынды, хаттама № 15 «04» 08 2025 ж.

Жалпы ережелер

1.1 Бұл Ереже 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 23-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді.

1.2 Постдокторантура туралы Ереже «Қазақ ұлттық спорт университеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде (бұдан әрі – Ереже) постдокторантура бағдарламасын іске асыру тәртібін айқындайды. Бұл Ереже «Қазақ ұлттық спорт университеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде (бұдан әрі – Университет) постдокторантура бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі қағидаттары мен рәсімдерін белгілейді.

1.3 Постдокторантураның мақсаты – Университеттің ғылыми әлеуетін дамыту үшін жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау, оның ғылыми мектептерінің сабақтастығын қалыптастыру және қамтамасыз ету, дарынды жас ғалымдарды болашағы бар зерттеулер жүргізуге тарту және қызығушылығын арттыру, сондай-ақ Университеттің ғылыми ортасындағы жас зерттеушілер үлесін көбейту болып табылады.

1.4 Постдокторант (постдок) – постдокторантура шеңберінде ғылыми қызметпен айналысатын ғалым. Университет мұндай ғалыммен ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында белгілі бір мерзімге шарт жасасады.

2 Постдокторантураға қабылдау және тіркеу тәртібі

2.1 Постдокторантураға қабылдау және тіркеу осы Ережеге сәйкес Ғылым және коммерцияландыру департаментінің (бұдан әрі – ҒКД) ұсынысы негізінде жүзеге асырылады.

2.2 Негізгі және қолданбалы зерттеулердің басым бағыттары: техникалық ғылымдар; әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар; жаратылыстану ғылымдары; ақпараттық технологиялар.

2.3 Постдокторантураға келесі талаптарға сай келетін үміткерлердің өтінімдері қабылдануы мүмкін:

- философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесінің болуы не докторантура бағдарламасының толық курсын аяқтаған тұлға болуы;
- ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызмет тәжірибесінің болуы;
- соңғы 5 (бес) жылда Web of Science деректер базасының Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Emerging Sources Citation Index индекстеріне енетін басылымда кемінде 1 (бір) ғылыми мақаласы және (немесе) шолуының болуы және (немесе) Scopus деректер базасында CiteScore көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) процентиль болатын басылымда жариялануы (диссертациясын әлі қорғап үлгермеген үміткерлерден басқа жағдайларда);
- Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – ҒЖБМ ҒСҚК) ұсынған отандық және (немесе) шетелдік ғылыми басылымдарда ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға арналған кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолудың болуы;
- Университет пен Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті арасында жасалған жас ғалымдарға арналған «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша гранттық қаржыландыру шеңберіндегі ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру туралы шарт негізінде қаржыландырылатын жобаның болуы.

3 Постдокторантурадан оту қағидалары

3.1 Постдокторантура бағдарламасын меңгеру ұзақтығы 3 (үш) жылға дейінгі мерзімді құрайды.

3.2 Постдокторант ғылыми-зерттеу қызметін ғылыми кеңесшінің басшылығымен жүзеге асырады. Ғылыми кеңесшілер Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.3 Ғылыми кеңесші постдокторанттың жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасын әзірлеуге, бекітуге және оның орындалуын сүйемелдеуге қатысады.

3.4 Постдокторанттың ғылыми қызметі ректор бекіткен жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Бағдарламаға ғылыми жоба (эксперимент) бойынша жұмыс жоспары, жарияланымдар жоспары, конференцияларға қатысу, іссапарлар, магистранттар мен докторанттардың зерттеулеріне жетекшілік ету кіреді.

3.5 Постдокторант ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін Web of Science немесе Scopus деректер базасына кіретін рецензияланатын ғылыми басылымдарда Университеттің аффиляциясын көрсете отырып жариялауға міндетті.

3.6 Постдокторанттар жыл сайын кемінде екі халықаралық конференцияға қатысуға міндетті.

3.7 Постдокторанттың жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасын орындауын бақылау және бағалау күнтізбелік жылдың ішінде ҒКД тарапынан екі рет жүргізіледі.

3.8 Осы Ереженің 3.7-тармағына сәйкес постдокторанттың жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасын орындауын бағалау нәтижелері бойынша ҒКД постдокторантура бағдарламасын жалғастырудың немесе тоқтатудың орындығы туралы ұсынымдар қалыптастырады.

3.9 Постдокторант жылына 1 рет (10–20 қаңтар аралығында) атқарылған жұмыс туралы растайтын материалдар қоса берілген жазбаша есепті ҒКД-ға ұсынуға міндетті.

3.10 Постдокторантураның аяқталу критерийлері болып табылады:

- философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияны сәтті қорғау;
- Web of Science деректер базасының 1, 2 немесе 3 квартиліне (Q1, Q2, Q3) енетін және (немесе) Scopus деректер базасында жарияланған сәтте CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентильге ие ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолудың жариялануы, олардың бірі – постдокторант корреспонденциялық автор немесе бірінші автор ретінде көрсетілген мақала болуы;
- ҒЖБМ ҒСҚК ұсынған журналдарда кемінде 2 (екі) мақаланың жариялануы, олардың бірі – постдокторант бірінші автор немесе корреспонденциялық автор ретінде көрсетілген мақала болуы.

4 Постдокторантура бағдарламасына қабылдау тәртібі

4.1 Университетте постдокторантура бағдарламасын іске асыруды Ғылым және коммерцияландыру департаменті (ҒКД) үйлестіреді.

4.2 Постдокторантура бағдарламасынан өтуді қалаған үміткерлер ҒКД-ға келесі құжаттарды ұсынады:

- өтініш (Қосымша А);
- постдокторанттың жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасының жобасы;
- үміткерге қойылатын жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттармен қоса портфолио;
- ғылыми дәрежені және ғылыми атақты растайтын құжаттар;
- ғылыми еңбектер мен өнертабыстар тізімі;
- үміткердің біліктілігін растайтын қосымша құжаттар, оның ішінде ұсыным хаттар.

4.3 ҒКД үміткерлердің құжаттарын осы Ереженің талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексереді және оң шешім қабылданған жағдайда Университеттің Ғылыми-техникалық кеңесіне (ҒТК) ұсыныс енгізеді.

4.4 Постдокторантураға қабылдау Университет ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

4.5 Университеттің Ғылыми-техникалық кеңесінің оң шешімі негізінде ҒКД постдокторантпен шарт жасасу рәсімін бастайды.

5 Постдокторанттардың құқықтары мен міндеттері

5.1 Постдокторанттар жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасында көзделген барлық жұмыс түрлерін уақтылы және сапалы орындауға міндетті.

5.2 Ғылыми дәрежесі жоқ постдокторанттар Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен ғылыми жобаларды іске асыру туралы шартқа қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жыл ішінде философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғауға міндетті.

5.3 Постдокторантурадан өту кезеңі ғылыми-педагогикалық қызмет өтіліне есептеледі.

5.4 Постдокторанттар Университеттің ғылыми жабдықтарын, зерттеулерге арналған шығын материалдарын, кітапханасын, ақпараттық ресурстарын және кеңселік техникасын пайдалануға құқылы.

5.5 Постдокторант міндетті:

- жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасының орындалуы туралы есепті уақтылы тапсыруға;
- есептерді (ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмыстары туралы, шетелдік тағылымдамалар туралы және т.б.) белгіленген мерзімде ұсынуға;
- тегі, тұрғылықты мекенжайы және байланыс деректері өзгерген жағдайда Университеттің тиісті әкімшілік бөлімшелерін дер кезінде хабардар етуге;
- постдокторантура бағдарламасын аяқтағаннан кейін кемінде 3 (үш) жыл Университетте жұмыс істеуге және осы мерзім ішінде жарияланған ғылыми еңбектерінде Университетті аффиляция ретінде көрсетуге.

6 Қорытынды ережелер

6.1 Осы Ереже Университет қызметкерлерімен жұмыс істеуді ұйымдастырушылық қамтамасыз етудің бір бөлігі болып табылады.

6.2 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Университет ректорының немесе уәкілетті тұлғаның бұйрығы негізінде жаңа Ережені әзірлеу арқылы не осы Ережеге қосымша ретінде ресімделген өзгерістер (толықтырулар) түрінде енгізіледі және Университеттің барлық мүдделі лауазымды тұлғаларының назарына жеткізіледі.

6.3 Осы Ереженің орындалуын бақылау Университеттің ғылым және инновациялар жөніндегі проректорына жүктеледі.

6.4 Осы Ереженің мәтіні Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамына, қызметкерлеріне және білім алушыларына таныстырылуға жатады.

6.5 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және белгіленген тәртіппен жойылғанға дейін қолданыста болады.

6.6 Постдокторантура бағдарламасын іске асыру барысында туындайтын даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

6.7 Осы Ережеде көзделмеген Университет постдокторанттарының өзге де құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Қосымша А
(міндетті)

«Қазақ ұлттық спорт университеті» ЖШС
постдокторантура бағдарламасынан өтуге өтініш

1	Тегі, аты, әкесінің аты	
2	Туған күні	
3	Докторантурада білім алған жоғары оқу орнының атауы	
4	Дата окончания докторантуры	
5	Ғылыми дәрежесі (бар болған жағдайда дипломның көшірмесін қоса тіркеу қажет) **ағылшын тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге ұсынылуы тиіс*	
6	Қорғалған диссертацияның тақырыбы	
7	DOI көрсетілген рейтингілік журналдардағы жарияланымдардың жалпы саны	
8	Құжаттарды тапсырған сәттегі «Web of Science» және «Scopus» деректер базаларындағы Хирш индексі	
9	Үміткер жүзеге асырған ғылыми-зерттеу жобалары туралы мәліметтер, қаржыландыру көзі мен сомасын көрсете отырып (шарттың және бұйрықтың көшірмесін қоса тіркеу қажет)	
10	Өтініш беруші өтініш берген сәтте жұмыс істейтін ұйымның атауы (лауазымын көрсеткен жұмыс орнынан анықтама қоса тіркеу қажет)	
11	Ұйымның пошталық мекенжайы (индексін көрсету қажет)	
12	Электронды пошта мекенжайы	
13	байланыс телефоны	
14	Басқа ұйымдардағы жұмыс тәжірибесі	
15	Жалпы жұмыс өтілі	
16	Шет тілін меңгеру деңгейі (сертификатты қоса тіркеу қажет)	
17	Өтініште көрсетілген ақпаратты университеттің ресми сайтында орналастыруға үміткердің келісімі	келісемін/келіспеймін
18	Постдокторантура бағдарламасы аясында жоспарланған жұмыстың аннотациясы	

**барлық жолдарды толтыру міндетті*

күні
қолы

Танысу парағы

№	**Т.А.Ә.**	**Қызметі**	**Күні**	**Қолы**
1	2	3	4	5